

Зулпыхаров Қанаттың 8D07304 – Жерге орналастыру оқу бағдарламасы бойынша
PhD философия докторы дәрежесін алу үшін ұсынылған
«Жерді арақашықтықтан зерделеу мәліметтері негізінде Түркістан облысы суармалы
жерлеріндегі деградациялық үрдістердің жағдайын бағалау»
тақырыбындағы диссертациялық жұмысына

ПІКІР

Зулпыхаров Қанаттың диссертациялық зерттеуі Түркістан облысының суармалы жерлеріндегі деградациялық үрдістердің жағдайын бағалауға бағытталған. Бұл зерттеу еліміздің суармалы егістіктерін тиімді басқаруға, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және ауыл шаруашылығы өндірісінің тұрақтылығын арттыруға бағытталған маңызды ғылыми жұмыс болып табылады.

Диссертациялық зерттеу қазіргі кезеңде Қазақстан Республикасының мемлекеттік стратегиялық құжаттарымен-«Қазақстан-2050» стратегиясы, «Қуатты АӨК» ұлттық жобасы (2024–2028 жж.), ауылдық аумақтарды дамытудың 2023–2027 жылдарға арналған тұжырымдамасы және "Жасыл экономика" қағидаттарына, БҰҰ Тұрақты даму мақсаттарының (ТДМ) 13.5 және 15.3 міндеттеріне сәйкес келеді.

Зерттеу барысында автор суармалы жерлердегі деградациялық үрдістерді анықтау және олардың кеңістіктік таралуын сипаттау үшін қашықтан зондтау (ЖҚЗ) деректерін, сонымен қатар далалық зерттеу және топырақ үлгілерін сараптау әдістерін тиімді қолданды. NDVI, EVI, SAVI, MSAVI, OSAVI, GSAVI, IPVI, NDSI сияқты индекстер негізінде деградация деңгейі бағаланды, ал алынған нәтижелер далалық жұмыстармен верификацияланып, 1:100 000 масштабтағы тақырыптық карталар әзірленді.

Ғылыми жаңалығы ретінде алғаш рет Түркістан облысының Мырзашөл мен Қызылқұм суармалы алқаптарындағы деградациялық үдерістердің таралуы мен себептері кешенді түрде бағаланып, автоматтандырылған индекстік модельдер арқылы деградацияға ұшыраған жерлердің жағдайы анықталды. Диссертациялық жұмыстағы экономикалық шығындарды бағалау нәтижелері мен деградацияны алдын алуға арналған ұсыныстар өңірлік ауыл шаруашылық саласын дамытуда үлкен практикалық маңызға ие.

Автордың зерттеу нәтижелері ғылыми ортада кеңінен апробациядан өтті. Жұмыстың негізгі нәтижелері «Фараби әлемі» халықаралық конференцияларында, CARIN семинарында, және ғылыми-тәжірибелік форумдарда баяндалды. Зерттеу бойынша 10 ғылыми мақала жарияланды, оның ішінде 3 мақала Scopus базасындағы журналдарда, 4 мақала ҚР ҒЖБМ БҒСБК ұсынған басылымдарда және 3 мақала халықаралық конференциялар материалдарында жарық көрді.

Қорғауға ұсынылған Зулпыхаров Қанаттың диссертациялық мазмұны, ғылыми жаңалығы мен практикалық маңыздылығы бойынша Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым және жоғары білім сапасын қамтамасыз ету комитетінің талаптарына, сондай-ақ әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың 8D07304 – Жерге орналастыру оқу бағдарламасы бойынша PhD философия докторы ғылыми дәрежесін беру талаптарына толық сәйкес келеді.

Ғылыми кеңесші
Г.Г.К., профессор

Қолын растаймын
Подпись заверяю

Зулпыхаров Қ



Токбергенова Айгул Абдугаппаровна